



Жамбыл облысы
Байзақ ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 02 шілдедегі
№ 267 қаулысымен бекітілген



Утвержден постановлением
акимата Байзаковского района
Жамбылской области
за № 267 от 02 июля 2018г.



Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік
мекемесі туралы

ЕРЕЖЕ

ПОЛОЖЕНИЕ

о коммунальном государственном учреждении "Отдела образования
акимата Байзаковского района"

"Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) өз құзыреті шегінде білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.
3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ереженің негізінде жүзеге асырады.
4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі және мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі 080100, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Байзақ батыр көшесі, 104.
10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
11. Осы ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.
12. Бөлімнің құрылтайшысы «Байзақ ауданы Әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады.
13. Бөлімнің қызметін қызметін қаржыландыру аудандық бюджеттің есебінен жүзеге асырылады.
14. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. Бөлімнің миссиясы:

аудан аумағындағы білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және балалар мен жасөспірімдердің білім алуын қамтамасыз ету.

16. Міндеттері:

- 1) білім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарының, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, білім берудің мемлекеттік стандарттарын және басқа нормативтік құжаттарды бақылау жасау;
- 2) адамның рухани және дене өсуінің мүмкіндіктерін ашу, имандылық пен ғылыми дүниетану негіздерін қалыптастыру жөнінде мектептер, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелердің жұмыстарын үйлестіру, даралық даму үшін жағдай жасап, парасатын байыту;
- 3) аудандық оқу орындары қызметін үлкен азаматтылық түсінігімен полимәдениеттілік тұлғаны, қазақстандық патриотизмді, адамның отбасы, халық, қоғам мен мемлекет алдындағы құқылығы мен міндеттер сезімін тәрбиелеуге, адамның шығармашылық қабілеттілігін даму мен эстетикалық тәрбиелеуге бағыттау;
- 4) қазақ халқының, сонымен қатар ауданда тұрып жатқан басқа ұлттардың мәдениетін, салт-дәстүрін зерттеу үшін жағдай жасау;
- 5) аудан тұрғындарының толық орта білім алуына теңдей мүмкіншілік жасау;
- 6) ауданның мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарының жағдайына бақылау мен басшылық жасау, орталықтандырылған бухгалтерияның қаржыға байланысты әрекеттеріне басшылық жасау;
- 7) директорлар алқасына және Қорғаншылық жөніндегі кеңесіне басшылық жасау, кадрларды іріктеу, орналастыру және есепке алу;
- 8) пәндерді тереңдетіп оқытудың, білім берудің жаңартылған мазмұнын, оқытудың нұсқаларының бағдарламаларын әзірлеу, бекіту;
- 9) білім беру мекемелерінің материалдық негізін нығайту, оларды жөндеу, оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру;
- 10) жалпыға бірдей ереженің талаптарына сай оқуға жататын балаларды толық оқумен қамту жұмыстары;
- 11) мектептерді оқу-әдістемелік құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 12) мұғалімдердің әдістемелік шеберлік деңгейін көрсету, қайта даярлау курстарынан өткізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;
- 13) оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуде озат педагогикалық тәжірибелерді енгізу және тарату жөніндегі жұмыс;
- 14) жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- 15) кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру.
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

17. Функциялары:

- 1) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізеді және олардың орта білім алғанға дейінгі оқуын ұйымдастырады;
- 2) меншік нысандары мен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, жергілікті бағыныстағы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесі мазмұнының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келуіне мезгіл-мезгіл бақылау жасауды ұйымдастырады және оны өз күзіреті шегінде жүргізіп отырады;
- 3) білім беру саласындағы орталық атқарушы органның нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес педагог қызметкерлерді аттестациядан өткізеді және педагогикалық қызметкерлерге біліктілік санаттарын береді;
- 4) жергілікті бюджеттен қаржыландыратын орта білім беру, мектепке дейінгі тәрбие және оқу, мектептен тыс мемлекеттік ұйымдардың және кәсіпорындардың басшыларын тағайындайды және босатады;
- 5) мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру мәселелері бойынша тұрғын орындарға статистикалық есеп беріп отырады;
- 6) аймақтық деңгейде педагог кадрларды қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыруға ықпал жасайды;
- 7) білім беру сапасын басқаруды, білім беру ұйымдары ұсынатын қызметін әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 8) білім беру мекемелерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді;
- 9) жергілікті маңызы бар мектептен тыс іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;
- 10) ведомстволық бағынышты ұйымдарды белгілеген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруды жүзеге асырады;
- 11) білім берудің мүддесін аудан әкімі мен облыстық білім басқармасына ұсынады және қорғайды;
- 12) ауданның білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлейді, аудан әкімінің білім беру саласындағы шешімдері мен өкімдерінің және аудан әкімдігі қаулыларының жобаларын дайындайды;
- 13) аудан әкімінің және облыстық білім басқармасының шешімдерін іске асыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;
- 14) білім беру мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар, кеңестер өткізеді, аудандық және облыстық деңгейдегі комиссиялар жұмысына қатысады;
- 15) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін белгіленген тәртіппен қарайды, жеке мәселелер бойынша азаматтарды қабылдайды;
- 16) әр түрлі деңгейдегі гранттарды инвестициялауға және қатысу құқығына ие;
- 17) ата-аналық құқықтарын асыруға немесе шектеуге, ата-аналық құқықтарын қалпына келтіруге, бала асырап алуды тоқтатуға немесе жарамсыз деп тануға байланысты істерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексіне сәйкес басқа істерді қараған кезде сотқа қатысу;

18) балаға немесе оның денсаулығына қауіп төнген жағдайда жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде сот шешімі қабылданғанға дейін ата-аналарынан немесе өзге тұлғалардан баланы дереу алып қоюды жүзеге асыру;

19) егер қорғаншылардың немесе қамқоршылардың қамқорлыққа алынушылардың заңды мүдделерін білдіру бойынша әрекеттерді Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе қамқорлыққа алынушылардың мүдделеріне қайшы келетін болса, қорғаншылар немесе қамқоршылар қамқорлыққа алынушылардың заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асырмайтын болса, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы, патронаттық тәрбиедегі, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған арналған ұйымдардағы балалардың заңды мүдделерін кез-келген адамдарға қатысты (оның ішінде соттарда) білдіру;

20) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, өмірде қиын жағдайға душар болған балаларды анықтау бойынша жұмысты ұйымдастыру;

21) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға қатысты мәселелер бойынша ата-аналар арасындағы келіспеушіліктерді шешу;

22) қорғаншылық және қамқоршылық бойынша даулы мәселелер мен (немесе) конфліктілі жағдайларды шешу үшін, білім бөлімінің жанында коллегиялық орган – қорғаншылық және қамқоршылық бойынша кеңес құрылады, оның құрамы аудан әкімдігінің қаулысымен бекітіледі;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге іс-қимылдарды жүзеге асырады.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) ауданның жергілікті атқарушы органдарынан, сондай-ақ меншік нысандарына қарамастан ұйымдардан, мекемелерден және кәсіпорындардан бөлімге жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, қорытындыларды, анықтамалық және басқа материалдарды сұрап алуға;

2) бөлімнің құзыретіндегі мәселелер бойынша ведомстволық бағыныштағы ұйымдардың жұмысына әдістемелік басшылықты жүзеге асыру, білім саласындағы заңнамаларды қолданылуы бойынша түсініктеме беруге;

3) қолданыстағы заңнамаларды бұзған білім ұйымдарының басшыларын заңмен белгіленген тәртіптік жауапқа тартуға;

4) бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша аудан әкімдігінің алқа отырыстарына, жиналыстарға қатысуға, ұсыныс беруге құқығы бар;

5) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізеді және олардың орта білім алғанға дейінгі оқуын ұйымдастыру;

6) мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қолдау және ықпал жасау;

7) білім беру ұйымдарының жүйесін дамытудың жылдық және болашаққа арналған жоспар жобаларын әзірлеу, олардың мүддесін мемлекеттік басқару органдарында қорғау және мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларын орындауын жүзеге асыру;

8) кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау мәселелерін шешу, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуының алдын алу бойынша жұмысын ұйымдастыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

19. Бөлімге жүктелген міндеттерің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. Бөлімнің бірінші басшысын Аудан Әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасары жоқ.

22. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттілігі:

- 1) мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) барлық органдарда мекеме мүддесін қорғайды;
- 3) мекеме мүлкіне қожалық етеді, келісім жасайды, сенімхаттар береді;
- 4) банкіде есеп шоттар ашады, іс бойынша келісім жасайды;
- 5) барлық қызметкерлерге міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;
- 6) мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;
- 7) қызметкерлерді марапаттайды және шара қолданады;
- 8) мекеменің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 9) заңда белгіленген тәртіппен бағынысындағы мекемелердің (кәсіпорындардың) директорларын және меңгерушілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

10) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы қимыл жасауға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауап береді;

11) мекеменің тиісті бюджеттік бағдарламалары бойынша мемлекеттік сатып алу жұмыстарын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша мекеме өзі мемлекеттік басқару органы болып табылатын өзінің ведомстволық бағынысындағы мемлекеттік мекеме, заңды тұлға не бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мемлекеттік басқару органы болып табылатын заңды тұлғамен аффилирленген тұлға үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырады;

13) заңдылықпен және осы Ережемен жүктелген басқа да міндеттерді атқарады.

14) өз құзыреті шегінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізеді.

23. Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезінде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

24. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі бар.

25. Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен қалыптастырылады.

26. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлімнің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Байзақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ПОЛОЖЕНИЕ

о коммунальном государственном учреждении "Отдела образования акимата Байзакского района"

1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение "Отдел образования акимата Байзакского района" (далее - Отдел) является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере образования в пределах своей компетенции.

2. Отдел не имеет ведомства.

3. Отдел осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

4. Отдел является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печати и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, в соответствии с законодательством Республики Казахстан, счета в органах казначейства.

5. Отдел вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

6. Отдел имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.

7. Отдел по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя отдела и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

8. Структура и лимит штатной численности отдела утверждается в соответствии с действующим законодательством.

9. Местонахождение юридического лица: почтовый индекс 080100, Республика Казахстан, Жамбылская область, Байзакского района, село Сарыкемер, улица Байзак батыра, 104.

10. Полное наименование государственного органа - Коммунальное государственное учреждение "Отдел образования акимата Байзакского района"

11. Учредителем Отдела является коммунальное государственное учреждение «Аппарат акима Байзакского района».

12. Настоящее Положение является учредительным документом отдела.

13. Финансирование деятельности отдела осуществляется из местного бюджета.

14. Отделу запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями отдела.

2. Миссия, основные задачи, функции, права и обязанности государственного органа

15. Миссия отдела:

осуществляет и реализует государственную политику в сфере образования по обеспечению детей и подростков района образованием.

16. Задачи:

1) реализация государственной политики в области образования, контроль за выполнением Законов Республики Казахстан "Об образовании", "О языках в Республике Казахстан", государственных программ развития образования, государственных стандартов образования и других нормативных документов;

2) координация работы школ, дошкольных и внешкольных организаций образования по раскрытию духовных и физических возможностей личности, формирования прочных основ нравственности и научного мировоззрения, обогащения интеллекта путем создания условий для ее индивидуального развития;

3) направление деятельности учебных заведений района на воспитание поликультурной личности, включающей в себя высокую гражданственность, казахстанский патриотизм, осознание прав и обязанностей личности перед семьей, народом, обществом и государством, на развитие творческих способностей и эстетического воспитания;

4) создание условий для изучения культуры, обычаев, традиций казахского народа, а также других национальностей, проживающих в районе;

5) предоставление жителям района равных возможностей для получения общего среднего образования;

6) руководство и контроль за состоянием учебно-воспитательной работы школ района, руководство финансовой деятельностью централизованной бухгалтерии;

7) руководство коллегией директоров, работой Совета по опеке и попечительству над несовершеннолетними;

8) разработка, утверждение программ, вариантов обучения, углубленного изучения предметов, обновленного содержания образования;

9) укрепление материальной базы организаций образования, их ремонт, организация летнего отдыха учащихся;

10) работа по полному охвату детей, подлежащих обучению, согласно требованиям положений о всеобуче;

11) организация обеспечения школ учебно-методическими пособиями;

12) организация и координация работы по повышению уровня методического мастерства, курсовой переподготовки учителей;

13) работа по распространению и внедрению передового педагогического опыта обучения и воспитания школьников;

14) защита прав и интересов детей-сирот, детей, оставшихся без попечения родителей;

15) осуществление функций по опеке и попечительству в отношении несовершеннолетних;

16) осуществляет иные задачи, предусмотренные законодательством

Республики Казахстан.

17.Функции:

- 1) ведет учет детей дошкольного и школьного возраста и организует их обучение до получения ими среднего образования;
- 2) организует и проводит в пределах своей компетенции периодический контроль за соответствием содержания учебно-воспитательного процесса, требованиям государственных общеобязательных стандартов образования в организациях образования местного подчинения, независимо от форм собственности и ведомственной подчиненности;
- 3) проводит аттестацию педагогических работников, присваивает педагогическим работникам квалификационные категории в соответствии с нормативно-правовыми актами центрального исполнительного органа в области образования;
- 4) назначает и освобождает от должности руководителей государственных организаций и предприятий дошкольного воспитания и обучения, внешкольных организаций, среднего образования, финансируемых из местного бюджета;
- 5) представляет статистические данные в вышестоящие органы по вопросам дошкольного, начального, основного, среднего и общего среднего образования;
- 6) оказывает содействие по переподготовке и повышению квалификации педагогических кадров;
- 7) осуществляет управление качеством образования, методическое и методологическое обеспечение качества предоставляемых организациями образования образовательных услуг;
- 8) обеспечивает учебниками, учебно-методическими комплексами;
- 9) организует проведение внешкольных мероприятий местного значения;
- 10) осуществляет в установленном порядке финансирование подведомственных организаций за счет бюджетных средств;
- 11) представляет и защищает интересы образования перед акимом района и управлением образования области;
- 12) разрабатывает стратегические планы развития системы образования района, подготавливает проекты решений, распоряжений акима района и постановлений акимата района в сфере образования;
- 13) организует работу по реализации решений акима района и управления образования области;
- 14) проводит конференции, семинары, совещания по вопросам образования, участвует в работе комиссий на районном и областном уровне;
- 15) рассматривает в установленном порядке обращения физических и юридических лиц, ведет прием граждан по личным вопросам;
- 16) пользуется правом на инвестирование и участие в грантах различных уровней;
- 17) участвует в суде при рассмотрении дел, связанных с лишением или ограничением родительских прав, восстановлением в родительских правах, отменой или признанием недействительным усыновления, признанием недействительным брака, заключенного с несовершеннолетним, а также других дел в соответствии с Кодексом Республики Казахстан "О браке (супружестве) и

семье";

18) осуществляет немедленное отобрание ребенка от родителей или других лиц, на попечении которых он находится, при непосредственной угрозе жизни ребенка или его здоровью на основании акта местного исполнительного органа, до принятия решения суда;

19) представляет законные интересы детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей и находящихся под опекой или попечительством, на патронатном воспитании, а также в организациях для детей-сирот и детей, оставшихся без попечительства родителей, в отношении с любыми лицами (в том числе в судах), если действия опекунов или попечителей, патронатных воспитателей по представлению законных интересов подопечных противоречат законодательству Республики Казахстан или интересам подопечных либо, если опекуны или попечители не осуществляют защиту законных интересов подопечных;

20) организует работу по выявлению детей сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, детей находящихся в трудной жизненной ситуации;

21) разрешает разногласия между родителями по вопросам, касающимся воспитания и образования детей;

22) решает спорные вопросы и (или) конфликтные ситуации в отношении опеки и попечительства, при отделе образования создается коллегиальный орган - районный совет по опеке и попечительству, состав которого утверждается постановлением акимата района;

23) осуществляет иные функции, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

18. Права и обязанности:

1) запрашивать и получать в установленном порядке от местных исполнительных органов района, а также организаций, учреждений и предприятий независимо от форм собственности документы, заключения, справочные и иные материалы, необходимые для осуществления функций, возложенных на отдел;

2) осуществлять методическое руководство деятельностью подведомственных организаций по вопросам, входящим в компетенцию отдела, давать разъяснения по применению законодательства в сфере образования;

3) в установленном порядке привлекать к дисциплинарной ответственности руководителей учреждений образования, допускающих нарушения действующего законодательства;

4) вносить предложения, принимать участие в заседаниях коллегии районного акимата, совещаниях по вопросам, относящимся к компетенции отдела;

5) организация учета детей дошкольного и школьного возраста, их обучение до получения ими обязательного среднего образования;

6) поддержка и оказание содействия в материально-техническом обеспечении государственных организаций образования;

7) разработка проектов годовых и перспективных планов развития сети организаций образования, представление их интересов в государственных

органах управления и обеспечение выполнения государственных программ в сфере образования детей дошкольного и школьного возраста;

8) решение вопросов охраны прав несовершеннолетних, организация работы по предупреждению безнадзорности несовершеннолетних.

3. Организация деятельности государственного органа

19. Руководство Отдела осуществляется первым руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на отдел задач и осуществления им своих функций.

20. Первый руководитель отдела назначается на должность и освобождается от должности акимом района.

21. Первый руководитель отдела не имеет заместителя.

22. Полномочия первого руководителя отдела:

- 1) без доверенности действует от имени учреждения;
 - 2) представляет интересы во всех органах;
 - 3) распоряжается имуществом заключает договоры, выдает доверенности;
 - 4) открывает банковские счета и совершает сделки;
 - 5) издает приказы и дает указания, обязательные для всех работников;
 - 6) принимает на работу и увольняет с работы работников;
 - 7) принимать меры поощрения и налагает меры взыскания на работников;
 - 8) утверждает положения о структурных подразделениях Учреждения;
 - 9) в соответствии с законодательством назначает и освобождает от должности руководителей подведомственных учреждений и предприятий
 - 10) принимает меры направленные против совершения коррупционных право нарушений и несет персональную ответственность в принятии мер против коррупции;
 - 11) организация и проведение государственных закупок по соответствующим бюджетным программам учреждения;
 - 12) в соответствии с установленным порядком законодательства Республики Казахстан выступать в качестве организатора государственных закупок для подведомственного ему государственного учреждения, юридического лица, в отношении которого он выступает органом государственного управления, либо лица, аффилированного с юридическим лицом, в отношении которого администратор бюджетной программы выступает органом государственного управления;
 - 13) осуществляет иные функции, возложенные на него законодательством и настоящим Положением.
 - 14) осуществление деятельности в пределах своей компетенции по сохранению и укреплению в обществе системы ценностей, отражающей нетерпимость к коррупции, формированию антикоррупционной культуры;
23. При случае, когда нет первого руководителя отдела его обязанности возлагаются лицу в соответствии с действующим законодательством.

4. Имущество государственного органа

24. Отдел может иметь на праве оперативного управления обособленное имущество в случаях, предусмотренных законодательством.

25. Имущество Отдела формируется за счет имущества, переданного ему собственником.

26. Отдел не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.

5. Реорганизация и управление государственного органа

27. Реорганизация и управление отдела осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

